Скельта

гербицид

MANAI AGRO

Әсер етуші зат: Клетодим, 125 г/л.

Препаративтік түрі: Эмульсия концентраты (ЭК)

Тіркеуші: «Terra Prime» ЖШС

Өндіруші: NANJING BIOAGRILAND CROP CARE CO., LTD

Қауіптілік санаты: III (дұрыс қолданылған жағдайда өнім қауіпті емес)

Қолдану технологиясы: Өңдеуді таңертең немесе кешкі уақытта жүргізу қажет. Егістіктерді мәдени өсімдіктер мен арамшөптердің жапырақтары дымқыл кезде немесе өңдеуден кейін бір сағат ішінде жаңбыр күтілсе өңдеуге болмайды (препараттың жуылып кетуін болдырмау үшін).

7арамшөптерді жауып, олардың біркелкі бүркілуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

Дайындалған ерітінді арамшөптерді толықтай әрі біркелкі себуге жеткілікті болуы қажет.

Әсер ету жылдамдығы: Препарат арамшөптердің жапырақтарына тез сіңеді (1 сағат ішінде). Өсімдіктің өткізгіш жүйесі арқылы барлық тіндеріне, соның ішінде тамырлар мен тамырсабақтарға таралып, өсу нүктелерін жансыздандырады.

Өңдеуден кейін 10–15 күн ішінде арамшөптер толықтай құрайды. Көпжылдық астық тұқымдас арамшөптермен күрес кезінде препараттың тиімділігі барынша жоғары болу үшін өңдеуден кейін 15 күн бойы қатар аралықтарын қопсытуға болмайды.

Қажет болған жағдайда, әр дақылға ұсынылған қосжарнақты арамшөптерге қарсы препараттармен және инсектицидтермен бак қоспалары түрінде қолдануға болады. Қолданар алдында міндетті түрде препараттардың өзара үйлесімділігін тексеру қажет.

Жарамдылық мерзімі: Сақтау шарттары сақталған жағдайда, зауыттық түпнұсқа қаптамада кемінде 3 жыл.

Фитоуыттылық, дақылдардың төзімділігі: Астық тұқымдас мәдени өсімдіктер үшін фитоуытты саналады. Үлкен жапырақты өсімдіктер гербицидке төзімді. Қолдану талаптары сақталған жағдайда қосжарнақты дақылдарда фитоуыттылық байқалмайды.

Улану кезіндегі алғашқы көмек:

- Улануды алғашқы белгілері байқалғанда зардап шеккен адамды таза ауаға шығарып, ластанған киімді шешіп, қажет болса жасанды тыныс алдыру керек.
- Ауызға кездейсоқ түскен жағдайда құстыруға болмайды;
- Ауызды сумен шайып, дене салмағының әр 1 кг-на 1 г есебімен бірнеше стақан суға араластырылған белсендірілген көмір ішкізу керек;
- Препарат көзге түскен жағдайда – көзді ашық күйде 15 минут бойы көп мөлшердегі ағынды сумен жуу қажет;
- Теріге тиген жағдайда – ластанған жерлерді сабынды сумен жуу қажет.

Улануды барлық жағдайларында алғашқы көмек көрсетілгеннен кейін зардап шеккен адам міндетті түрде дәрігерге көрінуі керек. Емдеу – симптоматикалық. Арнайы антидоттар жоқ.

Залалсыздандыру, қаптаманы және пестицид қалдықтарын жою: Обезвреживание и утилизацию тары, остатков препарата и промывных вод необходимо проводить в соответствии с СанПиН 1.2.2584-10 (Москва, 2002 г) Не допускается загрязнение водоемов хозяйственнобытового и рыбохозяйственного назначения непосредственно препаратом или использованной тарой. Запрещается сливать препарат в канализацию, а также в любые водоемы!

Сақтау шарттары: Пестицидтерге арналған арнайы қоймаларда, герметикалық жабылған, зақымдалмаған зауыттық қаптамада, сақтау температурасы –10°С-тан +40°С-қа дейін.

Препаратты азық-түлік өнімдерімен және мал азығымен бірге сақтауға қатаң тыйым салынады!

Жұмыс істеу, тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік шаралары: Жұмыс барысында ГОСТ 12.3.041-86 талаптары мен сақтық шараларын сақтау қажет:

- Пестицидпен жер үсті өңдеу кезінде санитарлық-қорғау аймағы кемінде 300 м болуы тиіс;
- Штангалы тракторлық бүріккіштермен бүрку желдің жылдамдығы ұсақ тамшылы бүркуде 4 м/с-тан, ірі тамшылы бүркуде 5 м/с-тан аспаған жағдайда жүргізіледі.

Тыныс алу, көру және тері жабындарын қорғау құралдары болмаса препаратпен жұмыс істеуге тыйым салынады.

Препаратты тасымалдау тек зауыттық қаптамада, зауыттық жапсырмасымен, қауіпті жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен жүзеге асырылады.

Дақыл, өңделетін нысан	Арамшөптер	Препаратты қолдану мөлшері, л\га	Өңдеу тәсілі, уақыты
Күнбағыс	Біржылдық және көпжылдық астық тұқымдас арамшөптер, оның ішінде жатаған бидайық	0,5-2,0	Біржылдық арамшөптер 2-6 жапырақ фазасында, бидайықтың биіктігі 10-20 см болғанда, дақылдың даму фазасына қарамастан егістікті бүрку
Зығыр			
Жасымық			
Бұршақ			

Көлемі: 20 л